# Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 48 (847) 28 қараша 2024 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://vk.com/ Magzhan zhuldizi ● e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz


ПРЕЗИДЕНТ

# ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

*(Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К Тоқаевтың Ресейде шығатын «Известия» газетіне жарияланған мақаласы)*



Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынасы – берік әрі мызғымас достықтың шынайы көрінісі. Екі елдің стратегиялық серіктестігі мен одақтастығы тығыз астасып жатқан тарихи және мәдени байланыстарға, сондай-ақ, қос халықтың болашағына қатысты ортақ жауапкершілікке негізделген.

Бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлерге қарамастан, біздің елдеріміз тату көршілік пен сан салалы ынтымақтастықтың үлгісін көрсетіп келеді. Бұл ынтымақтастыққа ортақ мүдде, өзара сыйластық, ең жоғары деңгейдегі сындарлы саяси диалог арқау болып отыр.

Ресей Президенті Владимир Владимирович Путин екеуміз үнемі хабарласып отырамыз. Бір-бірімізге деген құрметке негізделген біздің қарым-қатынасымыз емен-жарқындығымен және іскерлік сипатымен ерекшеленеді. Мұндай тығыз байланыс туындаған мәселелерді жедел шешуге және мемлекеттеріміздің арасындағы шынайы достық қатынасты нығайта түсуге мүмкіндік береді. Соңғы бір жылдың өзінде Ресей Президенті екеуіміз толыққанды форматта төрт келіссөз жүргіздік. Халықаралық іс-шаралар аясында бірнеше мәрте кездестік, телефонмен де жиі сөйлестік.

Қазақстан мен Ресейдің сауда-экономика саласындағы ықпалдастығы тұрақты түрде дамып келеді. Бұған екі елдің үкіметтері мен бизнес өкілдерінің күш-жігерін жұмылдырғанының арқасында қол жеткіздік.

Қазір Қазақстанда Ресейдің 23 мың компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Оның 4 мыңы соңғы бір жылдың ішінде құрылды. Біздің ынтымақтастығымыздың қарқыны жоғары екені осыдан-ақ айқын көрінеді.

Екіжақты инвестиция көлемі де ұлғая түсті. 2023 жылы Ресей компаниялары Қазақстанға 3 миллиард доллардан астам инвестиция салды. Қазақстан да Ресей экономикасына осынша мөлшерде қаржы құйды. Елдеріміз бизнес жүргізуге қолайлы орта қалыптастырып, инвесторларды қолдауға қажетті барлық жағдайды жасап отыр.

Қазақстан мен Ресей энергетика, өнеркәсіп, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы және басқа да көптеген салада бірлесіп, ауқымды жұмыс жүргізіп келеді. Осыған дейін жалпы құны 18 миллиард доллардан асатын 90-нан астам жоба іске қосылды. Қазір де болашағы зор 49 жоба жүзеге асырылып жатыр.

Осы маңызды жобалардың ішінен Қазақстанда 3 жылу электр орталығының құрылысы басталғанын және Екібастұз ГРЭС-ін жаңғырту жұмыстарын атап өтуге болады. Бұл қатарда еліміздің бірқатар аймағын газбен қамтамасыз етуге, сондай-ақ, оңтүстік және шығыс бағытқа тасымалданатын Ресей энергетика ресурстарының көлемін арттыруға қатысты ауқымды бастамалар да бар.

Астана мен Мәскеу Еуразия экономикалық одағы аясында табысты жұмыс істеп жатыр. Қазір бұлқұрылым Еуразиякеңістігіндегі экономикалық ықпалдастықтың маңызды тетігіне айналды және халықаралық деңгейде абырой-беделге ие болды.

Биыл Еуразия экономикалық одағын құру туралы шартқа 10 жыл толды. Қазақстан мен Ресей жаһандық бәсекеге қабілетін арттыру үшін әуел бастан жан-жақты ықпалдастық пен байланысты дәйекті түрде нығайтуға ұмтылды. Сол себепті, бірлестік құру туралы бастама көтеріп, осы ұйымның негізін қалады. Содан бері Еуразия экономикалық одағы оған мүше мемлекеттердің экономикалық саясатын интеграциялау және өзара сауда-саттықты дамыту үдерісі табысты жүзеге асып жатқан аса маңызды платформа ретінде өзінің тиімділігін көрсетті.

Ресей Президенті Владимир Владимирович Путиннің Қазақстанға мемлекеттік сапары қазақ-орыс қатынасының тарихындағы аса маңызды оқиға болмақ. Жоғары мемлекетаралық мәртебесі бар бұл сапар елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестіктің мән-маңызы айрықша екенін көрсетеді.

Астанада өтетін кездесуде Ресей Президентімен бірге сауда-экономика, көлік-логистика, отын-энергетика, ғылым және техника салаларындағы ынтымақтастыққа қатысты ауқымды мәселелерді талқылаймыз. Халықаралық ұйымдар мен интеграциялық құрылымдар аясындағы өзара ықпалдастық барысын пысықтауды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ қазір, өкінішке қарай, қатты ушығып тұрған әлемдегі ахуалға қатысты пікір алмасамыз.

Біз, Қазақстан халқы, елдерімізді әлемдегі құрлық арқылы өтетін ең ұзын шекара қосып тұрғанын әрдайым есте ұстаймыз. Оны мәңгі достық пен нағыз тату көршіліктің шекарасы деп санаймыз. Екі жақтың шекара маңындағы аудандарында 32 миллионға жуық адам тұрады. Бұл да айрықша маңызды. Екі елдің аймақтары біздің мемлекетаралық қатынастарымызды нығайтуға елеулі үлес қосып отыр. Сондықтан мемлекет басшыларының Өңіраралық ынтымақтастықтың XX форумына бірге қатысуы осы сапар барысындағы маңызды шара болмақ.

Алдағы сапар инвестиция және сауда саласындағы ынтымақтастықты жандандыруға зор серпін беріп, қос халықтың игілігіне арналған бірлескен жобаларды бастауға септігін тигізеді деп сенемін.

Елдеріміз Ұлы Жеңістің 80 жылдығын лайықты атап өтуге дайындалып жатыр. Ортақ тарихқа деген құрмет әрдайым Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығына арқау болары сөзсіз.

XX ғасырда біздің халықтарымыз адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыста фашизмді жеңіп, ауыр сынақты бірге еңсерді. Қазақстандықтар қан майданда жан аямай соғысты. Қазақстан армияны керек-жарақпен және азық-түлікпен қамтамасыз етіп, сенімді стратегиялық тыл болды. Эвакуация кезінде жүздеген мың отбасы қазақ жерінен пана тапты.

«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген сөз қазақстандықтар үшін жалаң ұран емес. Бұл ұғым майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің қайталанбас ерлігі ел жадында мәңгі сақталатынын білдіреді.

Екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыс та қарқынды дамып келеді. Көпшілік көңілінен шығатын мәдениет күндері, фестивальдер мен көрмелер тұрақты өткізіліп тұрады.

Былтыр елімізде «орыс маусымы» деген атаумен ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды. Ал биыл Мәскеуде Астананың мәдениет күндері өтті. Ондағы ең негізгі оқиға ретінде «Абай» операсының Үлкен театрда қойылғанын айтуға болады. Сондай-ақ Ресейдің басты мұражайлары – Третьяков галереясында және Эрмитажда Қазақстанның көрмесі ашылады.

Қазақстан командасы Ресейдің Қазан қаласында өткен «Болашақ ойындарына» қатысты. Ал Астанадағы Дүниежүзілік көшпелілер ойындарында Ресей спортшылары өнер көрсетті. Бұл – мәдени-гуманитарлық қарым-қатынасты жаңа форматта өрбіту маңызды екенінің белгісі. Біз осы игі дәстүрді жалғастырып, Ресей бастамасымен қолға алынған «Болашақ ойындарының» кезекті сайысын 2026 жылы Қазақстанда өткіземіз.

Білім саласындағы ынтымақтастықтың да мазмұны толыға түсті. Біз еліміздің оңтүстік аймақтарында Ресей мектептерін ашуды жоспарлап отырмыз. Сол сияқты бізбен іргелес жатқан Ресей қалаларында Қазақстан мектептері ашылады деп сенеміз.

Қазір Ресейдің оқу орындарында Қазақстаннан барған 60 мыңға жуық студент білім алып жүр. Астанада Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының филиалын, ал Омбыда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің өкілдігін ашу жоспарымызда бар. Елімізде 3500-ден астам мектеп Пушкин тілінде білім береді, телеарналар мен радиостанциялар хабар таратады, газеттер мен журналдар шығады. Барлық дерлік өңірде көрерменнің көзайымы болып жүрген орыс драма театрлары бар.

Біздің ел Тәуелсіз мемлекеттер достастығы аясында Орыс тіліне қатысты халықаралық ұйым құру туралы бастама көтерді. Ұйым орыс тілін қолдау және оны насихаттау үшін ТМД елдері арасындағы байланысты дамыту мәселесімен айналысатын болады. Бұл қадам халықтарымыздың арасындағы достықты, тату көршілікті, этносаралық келісімді, өзара түсіністік пен сенімді нығайта түседі деп сенемін.

Қазақстан мен Ресей көп полярлы әлем, бейбіт диалог, барлық мемлекеттердің егемендігін құрметтеу сынды идеяларды дәріптеп, халықаралық аренада өзара табысты қарым-қатынас жасап отыр.

Екі елдің жаһандық және аймақтық деңгейдегі көптеген мәселеге қатысты ұстанымы үндес.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес және басқа да интеграциялық бірлестіктер аясындағы тығыз ықпалдастық – соның айқын дәлелі.

Биыл шілде айында Астанада Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті өтті. Онда «Әділ әлем, келісім және даму жолындағы жаһандық бірлік» туралы декларация қабылданды. Бұл құжат ұйымның Еуразияда жаңа, біртұтас және бөлінбес қауіпсіздік архитектурасын құруға ықпал ете алатынын айғақтайды.

Қазан айында Мәскеу қаласында ТМД-ға мүше елдердің мемлекет басшылары кеңесі отырысының өткізілуі биылғы маңызды оқиғаның бірі болды. Басқосуда тараптар өзара тиімді әрі жан-жақты ықпалдастықты дамытуға мүдделі екенін атап көрсетті.

Биыл Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына төрағалық етіп отыр. Астанада өтетін алдағы саммит аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайта түсетін басты оқиға болмақ. Еліміз ұжымдық қауіпсіздікті бейбіт жолмен қамтамасыз ету және ұйымға мүше мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынасты сақтау жолында күш біріктіруді барынша қолдап отыр.

Сондай-ақ БРИКС ұйымының Қазан қаласындағы тарихи саммиті өте нәтижелі болғанын атап өткім келеді. Бұл форум Владимир Владимирович Путиннің ерік-жігері мен абырой беделінің және әлем жұртының 45 пайызының мүддесін қорғайтын бірлестікке Ресейдің тиімді төрағалық етуінің арқасында өтті.

* * *

Сөз соңында, биыл екі жақты қарым-қатынасымыз үшін жемісті жыл болды деп сеніммен айтуға болады. Сонымен бірге 2025 жылы көптеген бірлескен бастамалар мен ортақ жобаларды жүзеге асыруға мол мүмкіндік бар. Соның бәрі екі ел азаматтарының игілігіне айналады деп сенемін.

Қазақстан мен Ресей тату көршілік пен одақтастық рухына негізделген риясыз достықты нығайтты және ең бастысы, өзара сенімді қарым-қатынас орнатты.

Біз елдеріміздің басты мүддесіне сай келетін ең батыл идеяларды бірге жүзеге асыра аламыз деп ойлаймын.

Ал Қазақстанға келер болсақ, біз тарихтың қақтығысқа және апатқа толы күрделі кезеңінде Ресейдің сенімді стратегиялық серіктесі әрі одақтасы болып қала береміз.

РЕСМИ САПАР

# СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕН ШЭНЬСИ ПРОВИНЦИЯСЫ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЙТЫЛАДЫ




**Солтүстік Қазақстан облысының делегациясы Қытайдың Шэньси провинциясында ресми сапармен болды. Бұл сапар Мемлекет басшысының Қытайға мемлекеттік сапары барысында қол қойылған СҚО мен Шэньси провинциясы арасында бауырлас қатынастарды орнату туралы келісімнің аясында өтті.**

Сапарды Бас консул Жошыхан Қыраубаев бастаған Қазақстан Республикасының Сиань қаласындағы Бас консулдығы ұйымдастырды. СҚО әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов Шэньси провинциясының губернаторы Чжао Идэмен ресми кездесу өткізді. Жиында өзара серіктестікті дамыту мәселелерін талқылап, Солтүстік Қазақстан мен Шэньси провинциясы арасындағы ынтымақтастықты нығайту жөніндегі іс-шаралар жоспары мен «Чан-Ба» халықаралық портымен сауда байланысын кеңейту бойынша меморандум жасалды. Ресми және іскер делегация Сиань қаласындағы бірқатар өндірістік нысандарды аралады.

Делегация сауда-логистикалық компания мен халықаралық порттың қызметімен танысты. Сонымен қатар, өңір басшысы Aiju компаниясының өндірістік кешенінің жұмысымен танысып, компания басшысы Цзя Хэй кездесу өткізді. Сонымен қатар, Сиань қаласында СҚО өнімдерінің орталығы ашылды. Aiju компаниясы СҚО-ның бұрынғы серіктесі, облыста майлы дақылдарды өңдейтін және ұн-тарту кешені кіретін үлкен агроөнеркәсіптік кластер құрды. Бұл компания облыс аумағында агропарк жасамақ, оның құрамына жел электр станциясы, ең өндеу зауыты, азық-түлік өндірісі мен логистикалық орталық кіреді. Бұл жобалар бойынша 93.5 млрд теңгеге меморандумдарға қол қойылды, оның ішінде 5.5 млрд.тг «Атамекен-Агро» мен «ФамСам» компаниясы арасында элеватор қондырғысын жасауға бағытталған контракт.

Бөлек кездесуде облыс әкімі инвесторлармен жобаларды жүзеге асыру бойынша мәселелерді талқылады. Сапар барысында делегация Янлин қаласындағы Солтүстік-Батыс ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы университетінің заманауи жылыжайы және жетістіктерімен танысты. Ғауез Нұрмұхамбетов осы университетте білім алып жатқан қазақстандық докоранттармен кездесті. Университетте ғылыми жобаларды зерттеп, әзірлейтін бірлескен қазақ-қытай мал шаруашылығы зертханасының ашылу салтанаты өтті.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі.**

БРИФИНГ

# АУДАН ДАМУЫНДА ОҢ НӘТИЖЕЛЕР БАР

**21 қараша күні өңірлік коммуникациялар қызметінде аудан әкімі Рахат Смағұловтың қатысуымен брифинг өтіп, ол халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасын іске асыру, жергілікті атқарушы органдар жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылатын мұндай тұрақты кездесулер халықпен байланысты нығайта түсетінін атап өтті. Рахат Назымбекұлы брифингте БАҚ өкілдеріне 2024 жылдың өткен кезеңіндегі аудан дамуының негізгі нәтижелері мен келесі жылдың жоспарлары туралы баяндап, журналистердің сұрақтарына жауап берді.**




Аудан басшысы 2024 жылғы орташа айлық жалақы 290 мың теңге екенін жеткізді.

- Биылғы жылы 434,5 мың га алаңға, оның ішінде 332,9 мың га дәнді дақылдар, 69,2 мың га майлы дақылдар, 38 мың га алаңға жем-шөп өсірдік.

Дәнді дақылдардың жалпы өнімі 702,5 мың тонна, өнімділігі гектарына 21,1 центнер, майлы дақылдар 72,9 мың тонна жиналды, өнімділігі гектарына 10,5 центнерді құрады.

Ағымдағы егінді сақтау үшін ауданда сақтау қуаты 326,1 мың тонна болатын 4 элеватор және сақтау сыйымдылығы 211 мың тонна болатын қойма үй-жайлары жұмыс істейді.

Биылғы жылы жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейту бойынша 3 жоба іске асырылуда. «НұрСен Агро» ЖШС, «Полудинское» ЖШС және «Ноғайбай» ЖШС қосымша 5 ферма салынып, 400 бас ІҚМ сатып алынды.

«СК Агро 2050» ЖШС базасында жалпы сомасы шамамен 5 млрд. теңгеге кредиттік және меншікті қаражат есебінен өңірдегі 3600 бас сауын малға арналған ең ірі СТФ құрылысы басталды. Болашақта бұл фермада 10 000 басқа дейін ІҚМ ұстау жоспарлары бар.

Келесі жылы «ЖНВ» ЖШС-нда 600 басқа арналған тағы бір СТФ салу жоспарлануда.

Соңғы үш жылда аудан бойынша пайдаланылмайтын немесе жер заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын 30,0 мың гектардан астам жер қайтарылды. Ағымдағы жылы тексерулер жүргізіліп, 500,0 мың теңгеден астам сомаға әкімшілік жазалар қолданылды.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта аудан шаруашылықтары халыққа дивидендтерді заттай және ақшалай түрде беру бойынша жұмыс жүргізуде (акционерлердің саны 18379 адам) бүгінгі күні акционерлердің жалпы санының 80%-ға жуығы дивиденд алды.

Ауданда жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 1 189 бірлік (ЗТ – 146, ЖК – 682, ШҚ – 361). Ауданда шағын бизнестің белсенді кәсіпорындарының оң өсу серпіні байқалады. Ағымдағы кезеңде 8 сауда нысаны ашылды, оның ішінде Булаев қаласындағы бір ірі көтерме-бөлшек сауда супермаркеті, Лебяжье ауылындағы диірмен, тас төсеуіштер мен металл бұйымдарын өндіру цехы. Бұл нысандардың ашылуы жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік берді.

Ағымдағы кезеңде ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, құрылыс және экономиканың басқа да салаларында жұмыспен қамту есебінен 665 жаңа жұмыс орны құрылды. «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту» ұлттық жобасы аясында ағымдағы жылы 31 млн. теңгеден астам сомаға 21 грант берілді. Субсидияланатын жұмыс орындарына 360 адам жұмысқа орналастырылды,оның ішінде жастар практикасы бойынша 51 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына 20 адам, қоғамдық орындарға 230 адам, Күміс жасына 27 адам, бірінші жұмыс орнына 21 адам, сондай-ақ 30 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқыту мүмкіндігіне ие болды. Жалпы жұмыспен қамтудың белсенді шараларын іске асыру АӘК алушылар санын 72-ден 41 отбасына дейін азайтуға мүмкіндік берді. Жұмыссыздық деңгейін жыл қорытындысы бойынша 4,8% күтеміз.

Жол жөндеу бойынша ағымдағы жылы республикалық маңызы бар «Сулышоқ-Возвышенка», «Чистое – Қарақоға бекеті» жол учаскелері, жалпы ұзындығы 56 км, 4 млрд.теңгеден астам сомаға «Қарақоға-Надежка» жол учаскесі жөнделді. Ағымдағы жылы Лебяжье, Ноғайбай, Сулышоқ ауылдарының кіреберістері, Возвышенка, Надежка, Полтавка, Бәйтерек, Жастар ауылдарының кентішілік көшелері жөнделді, Булаев қаласының Чехов көшесінде, Ұзынкөл-Возвышенка, Лебяжье-Құралай жолдарының учаскелерінде жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Ағымдағы жылы жалпы сомасы 2,7 млрд. теңгеге 45 км аудандық және кентішілік жолдарға жөндеу жүргізілді, жақсартылған жол инфрақұрылымымен 6 мыңнан астам адам тұратын 15 ауыл қамтылды.

Бүгінгі таңда ауданда 61 елді мекеннің 34-і 100% - ға , 17 ауыл 80%-ға, қалған 10 ауыл 50%-ға жарықтандырылған.

Ағымдағы жылы аудан бойынша 14 ауылда 250-ден астам көше шамдары орнатылды.

Биыл Новотроицкое және Таманское ауылдарында су тарату желілерінің құрылысы аяқталды, Октябрьское, Қарағанды ауылдарында және Булаев қаласында жалпы ұзындығы 40 км астам 420 млн. теңге сомаға жұмыстар жүргізілуде. 11 елді мекенде таратушы желілерге ағымдағы жөндеу жүргізілді, 112 млн. теңге сомасына 3,5 км жөнделді. Жүргізіліп жатқан жұмыстар жалпы саны 2.5 мың адамнан аса адам тұратын 16 ауылдық елді мекеннің ауыз суының сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.

Биылғы жылы Булаев қаласында орналасқан 3 қабатты 45 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы аяқталды, ол Отбасы Банкінің ипотекалық кредиттеу бағдарламалары арқылы іске асырылатын болады.

Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 4 бір пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы аяқталды

Ауданда 3555 оқушысы бар 39 мектеп жұмыс істейді. Биылғы жылы 47 млн. теңгеге Октябрьское орта мектебіне күрделі жөндеу жүргізілді. Сонымен қатар, 8 мектепте 72 млн. теңгеге ағымдық жөндеу жұмыстары жүргізілді.

«Березка» балалар лагеріне 68 млн. теңгеге ағымдық жөндеу жүргізілді.

Ауданның денсаулық сақтау жүйесінде ауысымда 250 адам қабылдайтын емханасы бар, 90 төсектік аудандық ауруханa, 4 - ДА, 2 - ФАП және 44 - МП. Аудан бойынша медициналық көмекті 260 орта медициналық қызметкер, оның ішінде 41 дәрігер және 219 орта медициналық қызметкер көрсетеді.

Ағымдағы жылдың басынан ауданға 3 дәрігер келді. Соңғы 5 жылда 8 жас маман келіп, 1,5 млн теңгеден 5 млн теңгеге дейін көтерме ақы алды, аудан әкімдігінің қолдауы есебінен барлығына абаттандырылған тұрғын үй бөлінді - бұл 6 пәтер (екі дәрігер де отбасылық ерлі-зайыптылар).

Соңғы жылдары Мәдениет үйлерін жөндеуге ерекше көңіл бөлінді. Қарақоға ауылындағы Мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмыстары жыл басында аяқталды. Сонымен қатар, биыл «Чистовское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қаражаты есебінен Чистовское ауылының Мәдениет үйіне жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Аудандық Мәдениет үйі мен Бәйтерек ауылындағы Мәдениет үйін жөндеуге сметалық құжаттар дайындалуда.

Ауданда 119 спорт ғимараты бар, онда салауатты өмір салтын насихаттау және халықтың барлық топтарын дене шынықтырумен, спортпен айналысуға тарту жұмыстары жүргізілуде, жалпы саны 11200 адам, бұл аудан халқының жалпы санынан 42,2 пайыз.

Қысқы спорт түрлері бойынша алдағы жарыстарды өткізу үшін Советское ауылында пластикалық хоккей кортын салу жоспарлануда. Сондай-ақ, келесі жылы Бәйтерек ауылындағы стадионды қайта жаңарту жоспарында Булаево қаласында бассейн салу үшін құжаттама дайындалуда.

Өз баяндамамызда мен жұмысымыздың негізгі іс-шараларын атап өттім. Біз үшін бірінші кезектегі міндеттер ағымдағы жылдың жұмысын сәтті аяқтау болып қала береді. Өйткені халықтың әл-ауқатын арттыру - біздің басты мақсатымыз.

Сонымен, ағымдағы жылы мемлекеттік қолдаудың арқасында ауылдық жерлерде өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған көптеген әлеуметтік маңызды жобалар жүзеге асырылды, - деді брифингті қорытындылаған Рахат Назымбекұлы.

КӘСІБИ БАҒДАР

# ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК МЕМОРАНДУМЫНА ҚОЛ ҚОЙДЫ





***27 қараша күні аудандық Мәдениет үйінде кәсіби бағдар беру бойынша іс-шара өтіп, соңында әлеуметтік әріптестік меморандумға қол қойылды. Мағжан Жұмабаев ауданының түлектерімен кездесуге аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов, Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің ректоры – Басқарма төрағасының кеңесшісі Ерлан Тоқшылық, математика және жаратылыстану факультетінің деканы Сергей Пашков, университет оқытушылары мен студенттері қатысты.***

Қазіргі уақытта Мағжан Жұмабаев ауданында 11 сыныпта оқитын 167 оқушы бар. ҰБТ-ны 122 түлек тапсыру жоспарлануда (бұл - 73%). 111 түлек Қазақстанның жоғары оқу орындарына түсуді жоспарлап отыр, оның 62-сі Манаш Қозыбаев атындағы СМУ-ге түсуді жоспарласа, тағы 37 түлек орта арнаулы мекемелерге, ал қалған 19 түлек Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарына түсуді жоспарлап отыр екен.

- 2023-24 оқу жылында 11 сыныпты 135 оқушы бітірді. Оның ішінде 85 оқушы ҰБТ тапсырды. Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне 44 түлек, оның 21-і грантқа түсті. Қазақстанның жоғары оқу орындарына 15 түлек, оның 11-і грантқа түсті. Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарына 32 адам түсті (түлектердің жалпы санының 23,7%). Қалған 43 түлек (31,9%) облыстың колледждеріне түсті, - деді Азамат Сайранұлы.

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті бүгін де заманауи инфоқұрылымы, тиімді менеджменті дамыған, әлеуметтік жүйесі жоғары кадрлық және ғылыми әлеуеті бар Солтүстік Қазақстанның білім, ғылым және мәдениет бойынша өңірлік орталығы болып табылады.

- Қазіргі уақытта университет қабырғасында алты мыңнан астам студент сапалы білім алуда. Бір сөзбен айтқанда, студенттердің сапалы жоғарғы білім алып, болашақта білікті маман атануына барлық қолайлы жағдай жасалған. Жаңа жатақхана пайдалануға беріліп, студенттер үшін көптеген ғылыми және спорттық үйірмелер жұмыс істейді. Осылайша, университетте суденттер қос диплом бағдарламасы бойынша оқуларына барлық мүмкіндік жасалып отыр, - деді Ерлан Бейсенұлы.

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті аудан мектептерінен келген 11-сынып оқушыларына жоғарғы оқу орнындағы кафедралар мен ондағы мамандықтарды таныстырып, оқу орны туралы көптеген ақпараттар айтып, түлектердің қызығушылықтарын арттырды. Сондай-ақ кездесу барысында видеороликтер көрсетіліп, буклеттер таратылды.

Мағжандық түлектерге кәсіби бағдар беруге көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылған шара соңында, Мағжан Жұмабаев ауданы мен Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті өзара әлеуметтік әріптестік меморандумына қол қойды.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

ДЕНСАУЛЫҚ

# ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР «САҚТАНДЫРЫЛҒАНДАР» ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ



***Томографиялық құрылғылардың көмегімен жүргізілетін зерттеулердің нәтижесінде ішкі органдарды егжей-тегжейлі көруге және олардың суреттерін алуға болады. Бұл медициналық диагностиканың жоғары технологиялық әдістерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, осы қондырғыларды қолдана отырып, дәрігерлер науқастарға уақтылы көмек көрсетіп, одан әрі ем-дом жүргізу жоспарын құрай алады.***

КТ және МРТ аппараттары жүйке жүйесі ауруларын, онкологиялық ауруларды, түрлі жарақаттар мен басқа көптеген жағдайларда пайдаланылады. Солтүстік Қазақстан облысында мұндай қондырғыларда тексерілу жоғары сұранысқа ие. Осыдан-ақ жерлестеріміздің өз денсаулықтарына немқұрайды қарамайтыны көрінетінін атап өткен жөн. Бүгіндері өңірімізде заманауи компьютерлік және магнитті-резонанстық томографтар сегіз медициналық мекемеде орналасқан. Терiскейлiктер КТ құрылғысын қалалық көпбейінді ауруханасында, облыстық көпбейінді балалар ауруханасында, облыстық көпбейінді ауруханасында, сондай-ақ «ZEIN INVEST» ЖШС және «Медея Север» жауапкершілігі шектеулі серіктестерінде пайдалана алады. Заманауи аппараттар ауылдық жерде де қолжетімді. Мәселен, Тайынша ауданының орталығы Тайынша қаласында ауданаралық көпсалалы ауруханада компьютерлік томограф жұмыс істеп келеді. Бұл аудан ауыл тұрғындарының Петропавлға бармай-ақ, диагностикалық тексеруден өтуге мүмкіндік берері сөзсіз. Мұндай қондырғының Тайыншада орналасуы Ақжар және Уәлиханов аудандары тұрғындарын алысқа сабылмай, диагностикалық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Магнитті-резонанстық томографтарға келер болса, бұл қондырғылар науқастардың нақты диагностикалық деректерін алу үшін маңызды құрылғылар болып табылады. Бұл жаңа сандық аппараттар облыстық көпбейінді балалар ауруханасында, «ZEIN INVEST», «BECHET Талғар» медициналық диагностикалық орталығы» және «Dos diagnostic» жауапкершілігі серіктестіктерінде бар.

Облыс тұрғындары КТ және МРТ қондырғылары орнатылған кез келген емдеу мекемесінде денсаулық сақтау ұйымдары жасасқан келісімшарттар негізінде қол жеткізе алады.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, өткен тоғыз айдың ішінде облыста компьютерлік томографтарда сомасы 239,4 млн. теңгеге 16 781 зерттеу, ал магнитті-резонанстық томографтарда 10 504 зерттеу жүргізіліп, оның көлемі 185,2 млн. теңгеге жетті. Бұл өз кезегінде ауруларды ерте анықтауға және науқастарға қызмет көрсетіп жатқан дәрігерлерге ем-дом жүргізуге тиісті әрі уақтылы ұсыныстар беруге мүмкіндік берді. Көрсетілген статистика өңір тұрғындары үшін диагностиканың күрделі әдістері кеңінен қолданыс тауып жатқанын көрсетеді.

Науқасқа диагностикалық зерттеулерді тағайындау, нақтырақ айтқанда КТ және МРТ аппараттарында тексеріс өткізуге тек емдеуші дәрігер бере алады. Ол үшін мамандар медициналық көрсеткіштерге сүйенуі шарт. Науқас мұндай қызметтерге үнемі қол жеткізу үшін оған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде «сақтандырылған» болуы қажет. Бұл жүйе пациенттерді қаржылық қорғауды қамтамасыз етеді және аймақтағы медициналық қызметтердің сапасын жақсартуға ықпалын тигізеді.

**Айнагүл ДӘУЛЕТШИНА,**
**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ СҚОФ директоры.**

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

# ЖЫЛЫТУ КЕЗЕҢІНДЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**Өртті алдын алу мақсатында Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері күн сайын тұрғын үй секторында аулалар мен пәтерлерде профилактикалық іс-шаралар жүргізеді.**



Мұндай профилактикалық іс-шаралардың мақсаты неде? Ең алдымен, бұл өрттердің алдын алуға, олардың тұрғын үй секторындағы салдарын шектеуге бағытталған профилактикалық жұмыстарды жүргізу. Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері үй йелерінің рұқсатымен тұрғын және қосалқы үй-жайларда жылыту пештерінің, тұрмыстық электр аспаптарының, электр сымдарының монтажы мен жарамдылығына көзбен шолып тексеру жүргізеді, тұрғындарға тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндіреді, жадынамалар мен брошюралар табыстайды.

Рейдтік іс-шаралар барысында тұрғын үй секторындағы өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы анықталады, олар орнында немесе қайта профилактикалық іс-шаралар кезінде жойылады.

Халықтың әлеуметтік осал топтары (жалғызбасты қарт азаматтар, көп балалы отбасылар) тұратын жерлерде профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға ерекше назар аударылады.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі пешті жылыту мен электр жабдықтарын пайдаланудың негізгі қағидаларын еске салады:

Пештің ақауларын уақтылы жою қажет, мысалы, пештің бұзылуы, есіктің құлауы және т.б. өрт, пешке кептіру үшін киім іліп қойылғандықтан немесе жиһаз қойылғандықтан пайда болады. Қатты аязда пешті бірнеше рет қыздырған дұрыс. Өртті алдын алу үшін жанып жатқан пештерді қараусыз қалдыруға болмайды. Оларды бақылауды балаларға, әсіресе мектеп жасына дейінгі балаларға тапсыру қауіпті.

Сондай-ақ, электр және басқа жылыту және жарықтандыру құрылғыларының дұрыстығын бақылау өте маңызды. Электр жылыту құрылғыларын жанатын тіректерге орнатуға болмайды, жалпы пайдалану дәліздерінде және ағаш бөлімдерге, жиһаздарға, перделерге және басқа да ұқсас заттарға жақын өткелдерде орнатуға болмайды. Электр желісін, соның ішінде бір уақытта тым көп электр құрылғыларын шамадан тыс жүктеу ұсынылмайды. Барлық құрылғыларды бір розеткаға қоспаңыз: шамадан тыс жүктеме салдарынан өрт шығуы мүмкін.

Осы қарапайым қағидаларды сақтау Сізді және Сіздің жақындарыңызды қиындықтан қорғайды. Төтенше жағдай туындаған жағдайда «101» немесе «112 телефондарына хабарласыңыздар.

# МҰЗ ҮСТІНДЕ ЖҮРУ - АДАМ ӨМІРІНЕ ҚАУІПТІ

***«Мұз - 2024» акциясы аясында Мағжан Жұмабаев ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері аудан тұрғындарымен мұздағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіре отырып, балық аулау дүкендерінде рейдтік және профилактикалық іс-шаралар өткізді.***

- Құтқару кеудешесіз мұзға шықпаңыз.
- Жұқа, қатқан мұзға шықпаңыз.
- Мұздың жекелеген жерлеріне топтасып жиналмаңыз.
- Мұздағы ойықтарға, жарықтарға жақындамаңыз.
- Шана, шаңғыменті жағалаулардан жұқа мұзға сырғанамаңыз.

Мұз үстінде төтенше жағдай туындау қаупі төнген жағдайда шұғыл қызметке 112 немесе 101 телефоны бойынша хабарласу қажет.

**Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРГЕ ҚҰРАЙЫҚ!

# АУДАНЫМЫЗДЫҢ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ БЕЛСЕНДІ ЖҰМЫС АТҚАРУДА

**Президенттің биылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы алдыңғы Жолдаулардың қисынды жалғасы болып табылады, онда экономикалық секторға және өндірісті дамытуға баса назар аударылды, сондай-ақ қоғамда заң мен тәртіпті бекітуге, тазалық мәдениетін таратуға баса назар аударылды.**



Жолдауда әркім өзі үшін қолданыс табады. Президенттің салық жүйесін оңайластырылған қайта жүктеу, шағын және орта бизнесті қолдау шараларын оңтайландыру, әділ тарифтік саясат, цифрландыру, азаматтардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық міндеттері мен тапсырмалары бізге алдағы кезеңге жұмыс істеуге жолдама береді.

Мәслихаттар өңірдегі қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірдің барлық салаларына белсенді әсер етеді. Мемлекет басшысының өкілді органдардың беделін күшейтуге бағытталған салмақты саясаты депутаттарды осы мүмкіндікті толық пайдалануға ынталандырады.

VIII шақырылымның басынан бастап депутаттар қызметтегі негізгі басымдықтарды нақты белгіледі. Бұл, ең алдымен, экономиканың өсуі мен халықтың әл-ауқатының, ауылдық аумақтардың, білім берудің, денсаулық сақтаудың және мәдениеттің дамуына қамқорлық. Тиімді депутаттық қызметтің маңызды шарты әлеуметтік саладағы жағдайды үнемі талдау, ерекше назар аударуды қажет ететін негізгі ойларды бөліп көрсете білу болып табылады. Сондай-ақ, депутаттық күш-жігерді қолдану жолдарын дұрыс табу.

Айта кету керек, депутаттар жергілікті жерлерде мәселелерді зерделеуге мұқият және байсалды қарайды, сайлау округтерінде халықпен кездесулер, құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен жұмыс кездесулерін өткізеді. Қазіргі уақытта ауданның тыныс-тіршілігі мен дамуына қатысты барлық дерлік мәселелер өкілді орган арқылы өтеді. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың үйлесімді жұмысы, өзара іс-қимыл тәжірибесі, ортақ мақсаттарға нақты көзқарас ел Президенті қойған міндеттерді табысты шешуге мүмкіндік береді.

Ауданда мемлекет басшысының ауыл шаруашылығын дамыту, шағын және орта бизнесті, тауар өндірушілерді қолдау бойынша қойған міндеттерін іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік қолдау шаралары және мемлекеттік бағдарламалардың шарттары халыққа түсіндіріледі.

Мемлекет басшысы бюджет қаражатының тиімді жұмсалуы аса маңызды мәселе екенін атап өтті. «Жергілікті бюджет қаражатын дұрыс және тиімді бөлу керек», - деді ол. Бюджетті бекіту, нақтылау және орындау - жергілікті өкілді органның басты мәселелері. Өткен жылғы сессияларда аудандық бюджетке және ауданның және Булаев қаласының 2024-2026 жылдарға арналған ауылдық округтерінің бюджеттеріне төрт рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2024 жылғы 3 қазанда барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының II республикалық форумында сөйлеген сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мәслихаттардың мемлекеттік биліктің маңызды тармағы ретіндегі рөлін атап өтті. Ол депутаттарға өкілді билік функцияларын тиісті деңгейде және халықтың тілектеріне сәйкес орындауға мүмкіндік беретін бірқатар міндеттерді белгіледі. Саяси партиялар, мәслихаттар мен қоғамдық ұйымдар бірігіп жұмыс істеуі керек. Сайып келгенде, біздің алдымызда ортақ мақсат – халықтың өмір сүру сапасын арттыру және еліміздің өркендеуі тұр, – деді мемлекет басшысы.

Сайланған депутаттардың құрамында ауданның экономикасы мен әлеуметтік саласына елеулі үлес қосқан кәсіби және күнделікті тәжірибесі бар түрлі салалардың өкілдері бар. Өз қызметінің сипаты бойынша олар күн сайын халық арасында болады, сайлаушылардың жеке, қоғамдық немесе әлеуметтік сипаттағы мәселелерін шешеді.

Сессия отырыстарында негізгі мәселелерді талқылау кезінде депутаттар, ең алдымен, аз қамтылған азаматтарды қолдау, жұмыссыздыққа жол бермеу мақсатында халықтың барлық топтарының мүдделерін білдіреді.

Халыққа сумен жабдықтау, жолдарды жөндеу, байланыс және абаттандыру қызметтерін ұсынуға ерекше назар аударылады. Депутаттар мониторингтік топ құрамында әлеуметтік объектілерді күрделі жөндеу және салу, аудандық маңызы бар жолдарды және кентішілік жолдарды жөндеу, сумен жабдықтау жүйелерін жөндеу барысын бақылау бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Тоқсан сайын мәслихат сессияларында атқарушы органдар басшыларының өз қызметі туралы, сондай-ақ мәслихат қабылдаған шешімдерді іске асыру, халық қалауларының депутаттық қызмет және азаматтармен өзара іс-қимыл туралы есептері тыңдалады.

Шақыру басталғаннан бері халық қалаулылары барлық елді мекендерге барып, тұрғындармен кездесіп, 160 азаматты қабылдады, оларға 200-ден астам өтініш келіп түсті және жұмыс барысында өз сайлаушыларының өзекті мәселелерін шешуде. Жинақталған және жалпыланған материалдарды талдау нәтижесінде ұялы байланыс пен интернеттің сапасыздығы, жолдар мен су тарату желілерін жөндеу, қаңғыбас иттердің саны көбейгені, елді мекендерді абаттандыру, қоқыстарды шығару, әлеуметтік нысандарды жылыту және тағы басқа проблемалар анықталды. Депутаттық корпус проблемалық мәселелерді зерделеп, жергілікті атқарушы органдарға 48 депутаттық сауал жолдады.

Осылайша, аудандық мәслихат депутаттары Президенттің жыл сайынғы Жолдауларында қойылған міндеттерді орындай отырып, сайлаушылардың проблемаларын шешуді бақылауда ұстайды және өз өкілеттіктері шеңберінде олардың мүдделерін қорғайды.

Мәслихаттардың жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі институты ретіндегі тиімділігі депутаттардың кәсібилігіне тікелей байланысты.

**Айзада РАХМЕТОВА,**
**аудандық мәслихаттың төрағасы.**

УӘДЕ

# «ЕҢБЕК ЕТУ - ЖАСТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ИДЕЯСЫНА АЙНАЛУЫ КЕРЕК»



***Ермек Бәкіров – Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының №3 сайлау округі бойынша депутаты, әлеуметтік саясат, заңдылық және құқықтық тәртіп, депутаттық өкілеттіктер және әдеп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы, кәсіптік даярлау және қызмет көрсету колледжінің директоры. «AMANAT» партиясының мүшесі.***

**Не үшін депутат болдым?**

Қоғамға қызмет ету, мемлекеттік мүддені ескере отырып, туындаған мәселелерді шешу, еліміздің өркендеуіне атсалысу, халыққа жақын болу, қиын уақытта жандарынан табылу, қол ұшын беру – әр депутаттың басты ұстанымы. Депутат тұрғындар алдында тұрған проблемаларды білетіндердің арасынан сайлануы керек деп санаймын. Ауданда өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыруға, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысу ниетімен аудандық мәслихат депутаттығына үміткер болдым. Осы жерде туып-өскендіктен ауданның және өзіме сенім артқан Булаев қаласының мәселелерімен таныспын. Оларды шешудің жолын іздеп, жерлестерімнің мүддесін қорғап, әр ісімді әлеуметтік ахуалды жақсартуға бағыттап, халықтың сенімін ақтауды өзімнің адамдық және депутаттық борышым деп санаймын. Халықтың қалауымен аудандық мәслихаттың депутаты ретіндегі міндеттерімді атқарып келемін.

Мен көп жылдан бері білім беру саласында еңбек етемін. 1989 жылдан бастап ауыл мектебінде мұғалім, оқу ісі жөніндегі меңгеруші, мектеп директоры болдым. Кейін Булаев қаласының №4 орта мектебінің директоры, Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары қызметтерін атқардым. Қазіргі уақытта кәсіптік даярлық және қызмет көрсету колледжінің директорымын.

Елді дамыту үшін жұмысшы кәсіптер мен түрлі сала мамандарының беделін арттыруға басымдық берілуі тиіс. Кәсіптік оқыту мен білім беруді қолдау арқылы ғана отандық экономиканы дамыту үшін қажетті жұмыс күшін даярлай аламыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандық қоғамның назарын индустрияландыру идеясына бірнеше рет аударды. Бұл істі техникалық бағыттағы бәсекеге қабілетті жұмысшы кадрлардың қажетті санын даярламай атқару мүмкін емес. Осы ретте Президент 2025 жылды – Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласын жаңғырту үшін реформалау және қосымша қаржыландыру аздық етеді. Алдымен еңбек ету идеясын насихаттау бойынша жүйелі жұмыс жүргізуі қажет. Яғни еңбек ету халықтың, оның ішінде жастардың негізгі идеясына айналуы тиіс. Қазір жастарды техникалық және кәсіптік білім беру саласына тарту қиын. Осы істі орындаған кезде ғана саланы қосымша қаржыландыру бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауда тиімді құрал бола алады.

**Сайлаушыларға қандай уәде бердім?**

Біз басты жетістіктері бейбітшілік, келісім және өркендеу болып табылатын қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Президенттің жыл сайынғы Жолдауларында елдің одан әрі әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының нақты міндеттері тұжырымдалады және басым бағдарлар белгіленеді. Депутаттар өз тарапынан осы бағыттарды мақсат етіп, сайлаушылардың еркін білдіре отырып, көкейкесті мәселелерді шешуге басымдық беруі керек.

Аудандық мәслихаттың депутаты ретінде мен Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары мен Үкіметтің міндеттерін орындауға бар күшімді саламын. Менің депутаттық қызметім сайлауалды бағдарламада айтылған өзекті мәселелерді бағдар етіп, жерлестерімнің мүдделерін іске асыруға бағытталған.

Сайлауалды бағдарламамда тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін жақсарту және әлеуметтік бағытталған тарифтік саясаттың сақталуын бақылау, қала көшелеріндегі автобус маршруттарының жұмысы, жол қозғалысы қауіпсіздігі, тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету сынды мәселелер қамтылған. Сонымен қатар тұрғындарды толғандырып жүрген балабақша салу, құқық бұзушылықтардың алдын алу, бақылау камераларының санын көбейту, бағаның өсуін бақылау, халықты жұмыспен қамту жайы да басты назарда. Жас мамандарды жұмысқа орналастыру, балалар ойын алаңдары мен демалыс орындарын абаттандыру, аз қамтылғандар мен зейнеткерлерге қамқорлық, мәдени демалыс және спорт, жастарды патриоттық тәрбиелеу үшін жағдай жасау сынды шаралар – күн тәртібіндегі мәселелер. Міне, халыққа берген осындай уәделерді сапалы орындап, сенімді нығайту және ақтау үшін аянбай еңбек етіп жүрмін.

**Қай уәдемді орындадым?**

Ауданда тұрғындардың тұрмысын жақсарту үшін біршама жұмыстар атқарылуда. Аудандық мәслихат депутаттары әрдайым әлеуметтік нысандардың құрылыстары, инфрақұрылымды дамыту шаралары, жолдарды жөндеу және салу сияқты нәтижелі істердің басы-қасынан табылады.

Мониторингтік топтың құрамында аудан аумағындағы жол, су, медициналық пункттер тағы да басқа құрылысы жүріп жатқан немесе күрделі жөндеу жүргізіліп жатқан әлеуметтік нысандарға барып, жұмыс барысына партиялық бақылау жүргіземіз.

Булаев қаласы тұрғындарымен кездесулер барысында айтылған талап-тілектер ескеріліп, аудан әкімдігіне және тиісті атқарушы органдарға қаланың солтүстік жағындағы Буденный көшесіне жаяу жүргіншілер тротуарларын салу, балалар ойын алаңын салу, Буденный мен Уәлиханов көшелерінің қиылысына бағдаршам орнату, Энергетиктер көшесі бойындағы жолды жөндеу, қала аумағындағы құраған ағаштарды кесу, қоқыс жәшіктерінің санын ұлғайту сияқты мәселелер бойынша депутаттық сауалдар жолдадым. Бүгінгі таңда бұл мәселелердің барлығы шешілді.

Азаматтарды жеке қабылдаған кезде көптеген мәселелер оң шешілді немесе бақылауға алынады. Мысалы, қоқысты қатты тұрмыстық қалдықтар жинау орнына шығару, жалғыз тұратын адамдардың үйінің жанындағы қардытазарту, жұмысқаорналастыру сынды мәселелер жиі айтылады. Қыс және көктем мезгілдерінде жалғызілікті жандардың өтінішімен колледж студенттері олардың аулаларындағы қарды шығарады. Сонымен қатар үш адамды жұмысқа орналастырдым.

Тұрақты комиссиялардың бірлескен отырыстарында қысқы кезеңде жолдарды күтіп ұстау, балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыру, елді мекендерді абаттандырудың жай-күйі, аудан мекемелерінің жылу беру маусымына дайындығы туралы мәселелер қаралады. Ауданның, ауылдық округтердің және Булаев қаласының бюджеттерін нақтылау және бекіту туралы сұрақтар қызу талқыланады.

Сонымен қатар мен – аудандық қоғамдық кеңестің мүшесімін. Кеңестің сайлаушыларды толғандырып жүрген мәселелер қаралатын отырыстарына үнемі қатысамын.

Қайырымдылық шарасы аясында өрттен зардап шеккендерге көмек ұйымдастырылды, шіркеуге көмек ретінде 5 тонна көмір жеткізіп бердім. Қаланың солтүстік жағындағы қыста көшелерден шығарылған қарға арналған полигонды жабдықтауға бастамашы болдым. Биылғы жылғы көктемде су тасқынының алдын алу үшін қапқа салынған құм жеткізіп, зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жинау кезінде демеушілік көрсетілді. Қайырымдылық акциялары шегінде халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсету – мен үшін міндетті істер.

Елге берген уәдені орындаудың белгісі – сайлаушылардың мұң-мұқтажын білу, оларды шешу жолын табуға ықпал ету, билік басындағыларға айтып, нәтижеге жету. Мен үшін елдің алғысы – үлкен марапат, еңбегіме берілген баға деп түсінемін.

**Халық маған сене ме?**

Әр деңгейдегі депутат сайлаушыларына есеп беріп отыруы керек. Ол қолынан келмейтін іс-шараларды жүзеге асырамын деп уәде бермей, өз деңгейіндегі мәселелерді жоспарлы түрде шешуге міндетті. Сондықтан өкілетті орган жергілікті атқарушы органдармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Қандай да болмасын мәселелерді бірлесе шешкен кезде оң нәтижелерге жетеміз.

Халқым маған сену үшін бар күш-жігерімді, білімім мен біліктілігімді, тәжірибемді депутаттық қызметке бағыттап, міндеттерімді адал орындауға тырысамын. Әрине, артылған сенімді қаншалықты ақтағанымды сайлаушылар ғана біледі. Аудан тұрғындарының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыру бойынша қойылған міндеттерді шешу үшін үш мәрте сайлауға қатыстым. Он жылға жуық тәжірибесі бар депутат болуым халықтың қалауы, маған деген сенімінің белгісі ғой деп ойлаймын. Депутат пен халық өзара бірін-бірі сыйласа, сенім білдірсе барлық мақсаттарға қол жеткізе аламыз.

**Арайлым БЕЙСЕНБАЕВА,**
**«Soltüstık Qazaqstan».**

КЕКУШИНКАЙ КАРАТЕ



# МИЛАНА БАРАНОВА – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

***24 қараша күні Мәскеуде каратэден үшінші Халықаралық әйелдер турнирі өтіп, оған Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының 2 «А» сынып оқушысы Милана Баранова қатысты. Өзінің жауынгерлік мінезінің, шыдамдылығы мен байсалдылығының арқасында ол өзінің жас санатында чемпион атанды.***

Жаттықтырушы Айнагүл Бауэнованың жетекшілігімен каратэнің қыр-сырына үйреніп жүрген Милананың көптеген марапаттары мен жетістіктері бар: облыстық балалар шығармашылық фестивальдерінде, сұлулық пен талант байқауларында, заманауи билерде жүлделі орындар, облыстық каратэ жарыстарында бірнеше мәрте жетістіктерге жетіп, сондай-ақ «Жеңіс кубогы» халықаралық достық турнирінде лайықты екінші орын алды. Бірақ Халықаралық турнирдегі жетістік Милана үшін маңызды жеңістердің бірі екені сөзсіз.

Ендеше, Миланаға толағай табыстар мен алдағы жарыстарда сәттілік тілейміз.

«ЖАС САРБАЗ» ОБЛЫСТЫҚ ӘСКЕРИ СПОРТТЫҚ КӨПСАЙЫС

# МАҒЖАНДЫҚ КОМАНДА ЖҮЛДЕЛІ 3-ШІ ОРЫНДЫ ЖЕҢІП АЛДЫ

**«Жас Сарбаз» әскери-патриоттық клубының мақсаты өскелең ұрпақтың бойында жоғары азаматтық белсенділікті, патриотизмді, рухани-адамгершілік дамуды тәрбиелеу, жеке тұлғаны және Отан алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау және жастар арасында дене шынықтыру мен әскери-қолданбалы спорт түрлерін танымал ету болып табылады.**



Ташенов Диас



Муканова Жанель
Бекжанова Дарина

Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебімізде 2019 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «Жас Ұлан» әскери патриоттық клуб жұмыс істейді. Клуб құралған кезінен бастап мектеп оқушыларының білімде үздік, спортта жетік, тәртіпте үлгілі болуға дәріптейді. Бұл ұйымға дарынды оқушылар мүше болып, әрбір жаңа оқу жылында оның құрамы толықтырылып тұрады. Клубымыздың мүшелері әскери спорттық көпсайыстар бойынша ауданымыздың бірнеше дүркін жеңімпаздары, облысымыздың және Республикамыздың бірнеше рет жүлдегерлеріатанды. Барлық жеткен жетістіктер оқушыларымыздың қызығушылықпен алға талпынып, күнделікті жасап жатқан еңбек пен жаттығулар арқасында мүмкін болып отыр.

Мәселен, қараша айының 19-20 күндері 14-16 жастағы оқушылар арасында қашықтықтан «Жас Сарбаз» облыстық әскери спорттық көпсайыс болып өтті. Аталмыш жарысқа аудан намысын қорғау үшін құралған команда құрамында біздің ұйымның мүшелері 11 сынып оқушысы Диас Ташенов, 10 сынып оқушысы Жанель Мұқанова және 8 сынып оқушысы Дарина Бекжанова өз өнерлерін көрсетті. Облыстық жарысқа қатысқан 11 аудан мен Петропавл қаласының командалары АК автоматты бөлшектеу және жинақтау, оқжаттарды оқпен қамту және ЖҚҚ кию бойынша сайысқа түсті.

Соның нәтижесінде Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы тартысты жарыста жалпыкомандалық есепте 3-ші орынға ие болды. Жекелей сында Диас Ташенов пен Жанель Мұқанова жүлделі үшінші орындарды жеңіп алды. Барлық команда және оқушыларды айтулы жетістіктерімен құттықтап, «Білім Тәртіп Спорт» ұранын ұстанатын ұйым мүшелеріне тек сәттілік пен жеңістер тілеймін.

**Амангелді БӘКІРОВ,**
**Алғашқы әскери және техникалық дайындық ұйымдастырушы педагогы.**
**Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп.**

ШАХМАТ

# КҮРЛЕУІТ ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ – ОБЛЫС АРДАГЕРЛЕРІ АРАСЫНДА ҮЗДІК ШАХМАТШЫ АТАҒЫН ЖЕҢІП АЛДЫ

***Мағжан Жұмабаев ауданының ардагер кеңесі аға буын өкілдерінің бос уақытын тиімді әрі пайдалы ұйымдастыру үшін ауқымды шаралар жүргізуде. Булаев қаласында қариялар Батыр Баян атындағы спорт кешеніне барып, арнайы жаттығуларға қатысады.***



Ауылдық округтердің карттары да Мәдениет үйлерінде бас қосып, шахмат, дойбы, үстел теннисі және басқа да спорт түрлерімен айналысады. Бұл аға буын өкілдерінің жас ұрпаққа салауатты өмір салтын ұстанып, дене шынықтыру және спортпен жаппай айналысуға үгіттейді.

Қариялар мен мүгедектерді қолдау айлығының қорытындысы ретінде аудандық Мәдениет үйінде аудандық жарыс өтіп, ауданның түкпір-түкпірінен келген қариялар спорттың бес түрі бойынша сайысқа түсті. Сол жарыста жеңімпаз атанған Қарақоға ауылының тұрғыны Күрлеуіт Құдайбергенов енді облыстық жарыста бақ сынап, аудан намысын абыроймен қорғады. Жарыс жоғары деңгейде өтіп, онда шахмат бойынша спорт шеберлері өнер көрсеткенін атап өту керек. Бірақ Күрлеуіт Зейнішұлы асқан қабілетінің арқасында олармен иық тіресе сынға түсіп, лайықты түрде чемпион атанды. Бұл жеңіс қариямыз үшін аса бағалы болғаны сөзсіз. Сондықтан Күрлеуіт Зейнішұлына мықты денсаулық, қажымас қайрат, күш-қуат пен жеңістер тілейміз.

**Серік ЫСҚАҚОВ,**
**аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары.**

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ




# ҚАЛААРАЛЫҚ ТУРНИРДЕН ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ

**23 қараша күні РФ Қорған облысы Петухово қаласында грек-рим күресінен қалааралық турнир аяқталды. Бұл жарысқа 200-дей спортшы қатысып, БЖСМ жаттықтырушысы-оқытушылары Жақсылық Аленов пен Сәбит Мәліков баптайтын балуандар да бақ сынады.**

Қарақоға орта мектебінің оқушылары нәтижелі өнер көрсетіп, боз кілемде жасындай жарқылдады.

Нәтижесінде Тимур Садықов пен Әмір Мәліков чемпион атанса, Данис Саливанов пен Евгений Куванов және Әмір Ибрагим күміс жүлдеге қол жеткізді, ал Жантуар Қуандық пен Еламан Ербатыр және Эмиль Малғаждаров қола медальдарды қанағаттұтты.

Жаттықтырушы-оқытушыларды және балуандарды айтулы көрсеткіштері-мен құттықтап, бозкілемде тек жеңіс тілейміз.

**Ермек ИСМАҒҰЛОВ,**
**БЖСМ басшысы.**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

# КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ КӨМЕК ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ

***Азаматтар да, мемлекеттік қызметшілер де әртүрлі себептерге байланысты (негізгі қызмет саласы бойынша жұмыс жүктемесі, жұмыс өтілінің аздығы, заң білімінің болмауы, штат санының қысқаруы, жиі қайта ұйымдастырулар, заңнаманың тұрақты өзгерістері, қандай құзыретті органдарға жүгінуді білмеуі және т.б.) мемлекеттік қызмет саласында болып жатқан өзгерістердің мәнін егжей-тегжейлі зерделеуге әрқашан мүмкіндігі бола бермейді. Сонын салдарынан шешім қабылдауда және өз құқықтарын қорғауда қиындықтар туындайды. Мұндай жағдайларда Әдеп жөніндегі уәкілдер маңызды рөл атқаруы тиіс.***



Олар жүзеге асыратын негізгі функциялардың бірі – мемлекеттік қызметшілерге консультациялық көмек көрсету. Мұндай көмек мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың және мемлекеттік қызметшілер әдебінің кез келген мәселелері бойынша көрсетілуі мүмкін. Өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша да консультациялар беруі мүмкін. Консультациялық көмекті, негізінен, жеке қабылдау, әңгімелесу барысында көрсету ұсынылады. Азаматтармен осындай жеке-бағытталған жұмыс пайдалы әрі тиімді болады. Осыған ұқсас жұмыс мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын үшінші тұлғалардың (жеке және заңды тұлғалар) Әдеп жөніндегі уәкілдің атына жүгінген кезде ұйымдастырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, туындаған сұрақтарды жазып, толық жауап немесе ақпарат алу және одан әрі шаралар қабылдау үшін оларды құзыретті лауазымды тұлғалармен талқылаған жөн. Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаға өзгерістер енгізілген жағдайда мемлекеттік қызметшілердің кең ауқымын қамтып консультацияларды міндетті түрде жүргізу қажет, ал мемлекеттік қызметшілерге қатысты шағымдар мен тәртіптік істер көбейген кезде оларды күшейткен жөн. Бұл ретте, Әдеп жөніндегі уәкілдер өз жұмысында мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттарын, яғни ашықтық, әділдік, клиентке бағдарлану, адал ниеттілік, сыпайылық және адалдық қағидаттарын мемлекеттік қызметшілерге түсіндіру жұмысын үздіксіз жүргізіп отырулары керек.

Сонымен қатар, Әдеп жөніндегі уәкілдерге консультациялық және профилактикалық жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында әлеуметтік желілердің әлеуетін тиімді пайдалану үшін Facebook, Telegram, Instagram және т.б. танымал әлеуметтік желілердегі парақшаларды ашу ұсынылады (профилактикалық сипаттағы әртүрлі материалдарды жариялау, жиі кездесетін сұрақтарға жауаптарды жариялау, мемлекеттік қызметтің имиджін арттыру үшін үздік жетістіктер мен үздік мемлекеттік қызметшілерді насихаттау және т.б.).

Сондай-ақ, әлеуметтік желілерді пайдалана отырып, интернет-конференциялар өткізу және мемлекеттік қызметшілерге қатысты жалған ақпарат шыққан жағдайда теріске шығаруды ұсыну құпталады. Әдеп жөніндегі уәкіл өзіне тән мәселелер бойынша тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жүгінуге құқылы. Мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісім бойынша тағылымдамадан, біліктілікті арттыру курстарынан және т.б. өтуге құқылы. Түсіндіру жұмыстары кезінде Әдеп жөніндегі уәкілдің қызметі, әдетте, шектелмеген тұлғалар тобына бағытталған және мемлекеттік органдарда, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдарда дәрістер мен семинарлар түрінде ұсынылуы мүмкін. Мемлекеттік емес ұйымдарда, оның ішінде қоғамдық бірлестіктер мен оқу ұйымдарында да түсіндіру жұмыстарына жол беріледі.

Әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің (әріптестерімен және азаматтармен қалай әрекет ету керек), «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР Заңның және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңның нормаларын түсіндіру бойынша жаңа мамандардың бейімделуі жұмысына қатысады, ұжымдағы корпоративтік мәдениеттің негіздерімен таныстырады. Бұл жұмысты жаңадан қабылданған қызметшілер тағайындалған сәттен бастап 3-5 күн ішінде жүргізу қажет.

Түсіндіру жұмысы, консультациялар сияқты мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаларға өзгерістер енгізілген кезде, тексеру қорытындылары бойынша заңнаманың бұзылуы анықталған жағдайда, мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру, мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері құрамының елеулі бөлігі ауысқан кезде, түсіну мен қолданудың қиындығын білдіретін қандай да бір мәселелер бойынша көптеген өтініштер мен сұрау салулар түскен және т.б. кезде міндетті болып табылады.

Түсіндіру жұмыстарын жүргізуге Әдеп жөніндегі уәкілдің өзі жүзеге асыратын жұмысты бақылау және талдау қорытындылары болуы мүмкін. Мемлекеттік органдардың жұмысына қанағаттанушылық, мемлекеттік орган қызметкерлерінің әдептілік деңгейі бөлігінде азаматтарға жүргізілген онлайн сауалнаманың қорытындысы бойынша баға да көрсеткіш бола алады.

Түсіндіру жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін телеарналар, әлеуметтік желілер, бейнеконференцбайланыс және т.б. сияқты барлық қолжетімді құралдарды кеңінен пайдалану қажет. Бейнесюжеттер мен радиоматериалдарды мемлекеттік органның интернет-ресурстарында орналастыру не бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жариялау түсіндіру жұмысының қосымша нысаны болып табылады. Түсіндіру жұмыстарын тікелей Әдеп жөніндегі уәкілдің өзі, ал қажет болған жағдайда сол немесе өзге саладағы салалық мамандарды тарта отырып жүргізе алады.

Түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде, мысалы, жекелеген тақырыптар бойынша ай сайын және тоқсан сайын, бірақ жетекшілік ететін мемлекеттік органдарда жарты жылда кемінде бір рет жүргізу керек.

Басшылықтың және тиісті ұйымдардың келісімі бойынша немесе Әдеп жөніндегі уәкілдің алдын ала келісілген және бекітілген жұмыс жоспарының негізінде облыстық және аудандық орталықтарға, қалаларға, ауылдық округтерге және кенттерге баруды тәжірибеге енгізу қажет.

**Николай БОРЗИЛОВ,**
**департаменттің әдеп жөніндегі уәкілі.**

ТҮЛЕКТЕР НАЗАРЫНА!

# МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫ ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ



**Құрметті түлектер!**

Сіздерді ТЖМ жалғыз жоғары оқу орны болып табылатын - Мәлік Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау Академиясына (Көкшетау қаласы) түсуге шақырамыз, онда өрт сөндірушілер мен құтқарушылар дайындалады.

Университет тарихы 1973 жылдан басталады. 1997 жылы жоғары кәсіптік білім беру бағдарламасы бойынша толық оқу цикліне алғашқы курсанттар қабылданды. 2003 жылдан бастап академия курсанттары мен офицерлері тұрақты негізде Ресей ТЖМ және Беларусь Республикасының оқу орындарына қосымша оқуға жіберіледі.

Бүгінде ЖОО бакалавриаттың төрт білім беру бағдарламасы бойынша: «Өрт қауіпсіздігі», «Төтенше жағдайларда қорғау», «Азаматтық қорғаныс күштерінің командалық тактикалық күші», «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару ісі» және магистратураның бір білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлайды.

Академияға қабылдау медициналық, физикалық және психофизиологиялық көрсеткіштер бойынша іріктеу нәтижелерін ескере отырып, ҰБТ қорытындылары бойынша сертификат балдарына сәйкес конкурс бойынша жүргізіледі.

Академияға түсуге ниет білдіргендердің барлығы тұрғылықты жері бойынша аумақтық төтенше жағдайлар департаменттерінің кадр бөлімшелеріне өтініш береді.

Курсанттарды оқыту республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Олар бүкіл оқу кезеңінде тегін киім-кешек, тамақтану және мемлекеттік стипендиямен қамтамасыз етіледі.

**Диас ЕРКІНОВ,**
**Булаев қаласындағы 12 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы,**
**азаматтық қорғау лейтенанты.**


# НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

**Булаев қаласында 45 пәтерлі тұрғын үйге өтінімдер қабылдау жүргізілуде. Бағасы 1 шаршы метр үшін 165 000 тг. Бұл үйде 1, 2 және 3 бөлмелі пәтерлер бар. Барлық сұрақтар бойынша Отбасы банкінің кеңесшісі Гүлнәр Елубайқызы Жетпісбаеваға 8-705-589-20-92 телефоны хабарласуға болады.**


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!




EGOV.KZ ПОРТАЛЫ

# ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР 073/У АНЫҚТАМАСЫН EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ҮШ ҚАДАМ АРҚЫЛЫ АЛА АЛАДЫ

**eGov.kz порталын пайдаланушылар алушының көлік құралын басқаруға жарамды екенін растайтын 073/у нысанындағы медициналық анықтаманы ала алады. Жаңа көрсетілетін қызмет жүргізуші куәлігін ресімдеу, ұзарту және қалпына келтіру процесін айтарлықтай жеңілдетеді.**

073/у нысанындағы медициналық анықтама – барлық жүргізушілер үшін міндетті құжат, ол көлік құралын басқаруға қарсы көрсетілімдердің жоқ екенін растайды.

Бұрын азаматтар бұл анықтаманы төрт маманнан (терапевт, психиатр-нарколог, офтальмолог және отоларинголог) медициналық тексерістен өткеннен кейін қағаз түрінде алатын. Жаңа көрсетілетін қызметтің арқасында eGov.kz порталында медициналық анықтама алу процесі жеңілдеді. Енді пайдаланушылар медициналық тексерістен өткеннен кейін анықтаманы электрондық форматта алады, ал цифрлық құжат автоматты түрде бірыңғай деректер қорында сақталады.

**Көрсетілетін қызметті пайдалану үшін:**

- eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Денсаулық» - «Медициналық көмек» бөліміне өту;
- «№ 073/у нысаны бойынша медициналық анықтама беру» қызметін таңдау;
- қол жетімді қол қою әдістерінің бірімен өтінішке қол қою қажет.

Көрсетілетін қызметті алу нәтижесінде мамандардың қорытындысы бар медициналық




анықтама PDF форматында пайдаланушының жеке кабинетінде қолжетімді болады. Анықтама оны алған сәттен бастап бір жыл бойы жарамды.

Жаңа қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Денсаулық министрлігінің бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

**Жайнағүл СЕЙДАХМЕТОВА,**
**«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.**







## QAZAQSTAN

### Дүйсенбі, 2 желтоқсан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 03.40 «ІНЖУ-МАРЖАН».
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҰЛУ».
12.10, 02.35 «ТАТУ-ТӘТТІ».
13.30 АҢСАҒАН СӘБИ.
14.10 АПТА.
15.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ».
17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ.
21.25 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ».
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.15 «1001 ТҮН».
01.35 САНА.
04.20 АУЫЛДАСТАР.

### Сейсенбі, 3 желтоқсан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 04.00 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҰЛУ».
12.10, 02.55 «ТАТУ-ТӘТТІ».
13.30 АҢСАҒАН СӘБИ.
14.10 АҚОРДА.
14.25, 01.35 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.
15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ».
16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ».
17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ.
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.15 «1001 ТҮН».
01.55 САНА.
04.25 АУЫЛДАСТАР.

### Сәрсенбі, 4 желтоқсан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.20 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҰЛУ».
12.10, 03.05 «ТАТУ-ТӘТТІ».
13.30 АҢСАҒАН СӘБИ.
14.10, 00.55 ҚОС ПАЛАТА.
14.35, 04.10 КЛИМАТ.
15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ».
16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ».
17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
20.30, 01.20 АШЫҚ АЛАҢ.
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.15 «1001 ТҮН».
02.05 САНА.
04.25 АУЫЛДАСТАР.

### Бейсенбі, 5 желтоқсан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҰЛУ».
12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӘТТІ».
13.30 АҢСАҒАН СӘБИ.
14.10, 03.50 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ.
14.45 ЕРІКТІЛЕР КҮНІ.
15.05, 21.25 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ».
16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ».
17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ.
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.15 «1001 ТҮН».
01.45 САНА.
04.20 АУЫЛДАСТАР.

### Жұма, 6 желтоқсан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.30 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҰЛУ».
12.10, 02.25 «ТАТУ-ТӘТТІ».
13.30 АҢСАҒАН СӘБИ.
14.10 АТАМЕКЕН.
14.35 Д/Ф.
15.05 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ».
16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ».
17.10, 03.30 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
20.30, 00.35 АШЫҚ АЛАҢ.
21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА.
22.35 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
00.05 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.
01.25 САНА.
04.10 АУЫЛДАСТАР.

### Сенбі, 7 желтоқсан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 АУЫЛДАСТАР.
06.30, 17.00, 01.05 АҚПАРАТ.
07.00, 02.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
07.50 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ.
09.00, 02.05 ТЕЛЕДӘРІГЕР.
10.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҰЛУ».
12.00 М/Ф.
13.25 АТАМЕКЕН.
14.00 Т/Х «ПАРЫЗ».
17.20, 01.25 ҚОС ПАЛАТА.
17.40, 01.45 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.
18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
20.00 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮП.
21.55 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
22.50 «БІРЖАН САЛ» Х/Ф.

### Жексенбі, 8 желтоқсан

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 «АУЫЛДАСТАР».
06.35 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ» Д/Ф.
07.15 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...».
08.05 АҚСАУЫТ.
08.30 М/Ф.
10.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҰЛУ».
12.00 КОНЦЕРТ.
14.00 Т/Х «ПАРЫЗ».
17.00 ЕРІКТІЛЕР КҮНІ.
17.20, 03.05 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ.
18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
20.00, 01.30 АПТА.
20.50, 02.20 АҚОРДА.
21.00 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ.
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.15 «ӘКЕ» Х/Ф.
02.35 АТАМЕКЕН.
03.35 «КҮМІС КӨМЕЙ».

## ХАБАР

### Дүйсенбі, 2 желтоқсан

05.00 «КІМ МЫҚТЫ?».
07.00 ОЯН.
10.00, 20.00 Т/С «ӨМІР ҒАЖАП».
12.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН».
14.00, 21.45 Т/Х «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ».
15.00 Т/Х «МӘДЕНИЕТ ҮЙІ».
15.30 ТАМАША.
16.00, 22.30 Т/С «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ»..
18.00 PRESIDENT .
18.30 НОВОСТИ.
19.00 ӘЛЕУМЕТ.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сейсенбі, 3 желтоқсан

05.00 «КІМ МЫҚТЫ?».
07.00 ОЯН.
10.00, 20.00 Т/С «ӨМІР ҒАЖАП».
12.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН».
14.00, 21.45 Т/С «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ».
15.00 Т/Х «МӘДЕНИЕТ ҮЙІ».
15.30 ТАМАША.
16.00, 22.30 Т/С «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ».
18.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ.
18.30 НОВОСТИ.
19.00 ИТОГИ.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сәрсенбі, 4 желтоқсан

05.00 «КІМ МЫҚТЫ?».
07.00 ОЯН.
10.00, 20.00 Т/С «ӨМІР ҒАЖАП».
12.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН».
14.00, 21.45 Т/С «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ».
15.00 Т/Х «МӘДЕНИЕТ ҮЙІ».
15.30 ТАМАША.
16.00, 22.30 Т/С «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ».
18.00 КӨЗҚАРАС.
18.30 НОВОСТИ.
19.00 ТАЛҚЫ.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Бейсенбі, 5 желтоқсан

05.00 «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ».
06.00 ХИТ ЖАЗАМЫЗ.
07.00 ОЯН.
10.00, 20.00 Т/С «ӨМІР ҒАЖАП».
12.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН».
14.00, 21.45 Т/С «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ».
15.00 Т/Х «МӘДЕНИЕТ ҮЙІ».
15.30 ТАМАША.
16.00, 22.30 Т/С «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ».
18.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА.
18.30 НОВОСТИ.
19.00 ИТОГИ.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП».
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Жұма, 6 желтоқсан

05.00 «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ».
06.00 ХИТ ЖАЗАМЫЗ.
07.00 ОЯН.
10.00, 20.00 Т/С «ӨМІР ҒАЖАП».
12.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН».
14.00, 21.45 Т/С «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ».
15.00 Т/Х «МӘДЕНИЕТ ҮЙІ».
15.30 ТАМАША.
16.00, 22.30 Т/С «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ».
18.00 КӨЗҚАРАС.
18.30 НОВОСТИ.
19.00 ТАЛҚЫ.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сенбі, 7 желтоқсан

05.00 «МӘРТЕБЕЛІ ӨНЕР».
06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА.
07.30 КОНЦЕРТ.
08.30 ӨЗ ЕЛІМ.
09.05 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ.
09.35 NEOСЕТЬ.
10.00 М/Ф.
11.20 М/Ф «ПАНДА И КИВИ».
12.00, 21.45 «НА ЛИНИИ ОГНЯ», Х/Ф.
14.00 ҚЫЗЫҚ TIMES.
15.30 «ГЛАМУР ДЛЯ ДУР» Х/Ф.
17.00 ТАМАША.
17.45 АСЫЛ ДОМБЫРА.
19.00 COVER SHOW.
21.00 7 КҮН.
23.45 ОЙНАIQ.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Жексенбі, 8 желтоқсан

05.00 МӘРТЕБЕЛІ ӨНЕР.
06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА.
07.30 КОНЦЕРТ.
08.30 ЖЕРҮЙЫҚ.
09.00 Д/Ф.
09.30 М/Ф.
10.40 М/Ф «КРУТЫЕ ЯЙЦА-2».
12.00, 21.45 «ПОСЛЕДСТВИЯ» Х/Ф.
14.00 COVER SHOW.
16.00 «ПЯТЬ ПРИЧИН НЕ ВЛЮБИТЬСЯ В КАЗАХА» Х/Ф.
17.30 ТАМАША.
18.30 ОЙНАIQ.
19.00 QUNAR+.
19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES.
21.00 7 КҮН.
23.45 АЛҒАШҚЫ.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

## ЕВРАЗИЯ

### Дүйсенбі, 2 желтоқсан

06.00 Т/Х «ПРАВДА О ДЕЛЕ КВЕБЕРТА».
07.00, 19.00 KÖREMIZ.
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.55 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ».
13.05 Т/С «ЛИЦЕМЕРЫ».
14.00, 02.00 НОВОСТИ.
14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.55 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3».
01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
02.30 Т/Х «ТАЙНЫ БОРГО ЛАРИЧИ».
04.25 ҮШҚАЛАҚ.

### Сейсенбі, 3 желтоқсан

06.00 Т/Х «ПРАВДА О ДЕЛЕ КВЕБЕРТА».
07.00, 19.00 KÖREMIZ.
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.55 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ».
13.05 Т/С «ЛИЦЕМЕРЫ».
14.00, 02.00 НОВОСТИ.
14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.55 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3».
01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
02.30 Т/Х «ТАЙНЫ БОРГО ЛАРИЧИ».
04.25 ҮШҚАЛАҚ.

### Сәрсенбі, 4 желтоқсан

06.00 Т/Х «ПРАВДА О ДЕЛЕ КВЕБЕРТА».
07.00, 19.00 KÖREMIZ.
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.55 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ».
13.05 Т/С «ЛИЦЕМЕРЫ».
14.00, 02.00 НОВОСТИ.
14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.55 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «ЛИХАЧ».
01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
02.30 Т/Х «ТАЙНЫ БОРГО ЛАРИЧИ».
04.25 ҮШҚАЛАҚ.

### Бейсенбі, 5 желтоқсан

06.00 Т/Х «ПАРТНЕРЫ ПО ПРЕСТУПЛЕНИЮ».
07.00, 19.00 KÖREMIZ.
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.55 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ».
13.05 Т/С «ЛИЦЕМЕРЫ».
14.00, 02.00 НОВОСТИ.
14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.55 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «ЛИХАЧ».
01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
02.30 Т/Х «ТАЙНЫ БОРГО ЛАРИЧИ».
04.25 ҮШҚАЛАҚ.

### Жұма, 6 желтоқсан

06.00 Т/Х «ПАРТНЕРЫ ПО ПРЕСТУПЛЕНИЮ».
07.00, 19.00 KÖREMIZ.
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.05 Т/С «ТАМ, ГДЕ НЕ БЫВАЕТ СНЕГА».
14.00, 02.25 НОВОСТИ.
14.15, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 04.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE».
20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС.
22.10 Т/С «ЛИХАЧ».
02.50 ТХ «ТАЙНЫ БОРГО ЛАРИЧИ».

### Сенбі, 7 желтоқсан

06.00, 04.25 ҮШҚАЛАҚ.
06.30 Т/Х «ПАРТНЕРЫ ПО ПРЕСТУПЛЕНИЮ».
08.25 П@УТINA.
09.25 QАЙМАҚ.
10.00 ПОЕХАЛИ!
10.50 «СРЕДНИЙ РОД. ЕДИНСТВЕННОЕ ЧИСЛО» Х/Ф
13.00 «ГРУППА «ZETA» Х/Ф.
17.00 «ТОЧЬ -В -ТОЧЬ».
19.00 KÖREMIZ.
20.00, 02.25 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.30 ЗАҢ МЕН ЕЛ.
21.00 Т/С «НЕ ХОЧУ ТЕБЯ ТЕРЯТЬ».
00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
02.55 Т/Х «МИНИАТЮРИСТ».

### Жексенбі, 8 желтоқсан

06.00 Т/Х «ПАРТНЕРЫ ПО ПРЕСТУПЛЕНИЮ».
07.40, 03.20 П@УТINA.
08.40 ЗАҢ МЕН ЕЛ.
09.05 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ.
09.15 «ДВИГАТЕЛЬ ВНУТРЕННЕГО СГОРАНИЯ» Х/Ф.
13.45 «ГРУППА «ZETA» Х/Ф.
18.00 «ЖГИ» Х/Ф.
20.00 АНАЛИТИКА.
20.45 «ПОРТРЕТ ЛЮБИМОГО» Х/Ф.
00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
02.20 Т/Х «МИНИАТЮРИСТ».
04.05 ҮШҚАЛАҚ.

*- Шешен жігіт – жол бастар, батыр жігіт – қол бастар.*
**Шалкиіз ТІЛЕНШІҰЛЫ.**

**Заң дегеніміз – ноқта.**
**Шерхан МҰРТАЗА.**









АҚ ТІЛЕК

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Ардақты ұлым мен аяулы келінім, асқар таудай әкеміз бен сүйікті анамыз **АСАН ОЙНАРБЕКҰЛЫ** мен **ГҮЛМИРА МОЛДАБАЙҚЫЗЫН** туған күндерімен шын жүректен құттықтаймыз.

Туған күнлеріне дендеріңнің саулығын, шаңырақтарыңның ырыс байлығын, жүректеріңе мәңгі жастық жалынын, көңілдеріңе сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалыптарыңнан танбай, табыстан табысқа жете беріңдер. Отбасыларыңнан ынтымақ, бастарыңнан бақ таймасын. Көңілдерің ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңдер. Досжаран мен туған-туыс алдында абыройларың әрдайым артып, аңсаған армандарыңның асуларына жете беріңдер демекпіз.

Тек қана туған күніңде емес, әр күн сайын біз Сіздерге шын жүректен әлемнің бар асылын, жақсылығын, қуанышын, байлығын тілейміз. Ақ қанат армандарың биікке самғап, өмірлеріңнің көгінен орын ала берсін. Шынайы бақыт иелері болуыңа тілектеспіз!

Той-думан болсын өмірлерің
сарқылмайтын,
Бақыт берсін еншашан
таусылмайтын.
Тілейміз Сіздерге саулық,
ұзақ ғұмыр,
Ой-арман тілектерің
орындалсын.

**Ақ тілекпен: анасы Айжан, ұл-қыздары.**

БАСПАСӨЗ - 2025




АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

# EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА КРЕДИТТІК ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТАРИХЫ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ ПАЙДА БОЛДЫ

**eGov Mobile мобильді қосымшасында «Кредиттік және сақтандыру тарихы бойынша нұсқаулық» атты жаңа сервис іске қосылды. Енді пайдаланушылар өздерінің несие алу және сақтандыру тарихын қадағалап, жалпы кредиттік қабілеттілік деңгейін онлайн бағалай алады.**

Сервис «Кредиттеу» және «Сақтандыру» атты бөлімдерден тұрады. Бұл бөлімдерде пайдаланушы бұрын алған несиелері мен сақтандыру қызметтері туралы АО «Мемлекеттік несие бюросының» деректеріне негізделген өзекті ақпарат ұсынылған.

«Кредиттеу» бөлімінде пайдаланушының соңғы бес жылдағы несие алу тарихы туралы есеп, белсенді несие міндеттемелері мен скорингтік балл (скорингтік балл – пайдаланушының несие қабілеттілігінің деңгейін көрсететін көрсеткіш) ұсынылады. Ол несие алу тарихының деректері негізінде қалыптасады және пайдаланушыға өзінің несие беделін бағалауға көмектеседі. Скорингтік балл тек ақпараттық сипатқа ие және пайдаланушылар үшін оның кредиттік мінез-құлқын бағалауға арналғанын айта кету керек.

«Сақтандыру» бөлімінде пайдаланушыға бұрын жасалған сақтандыру шарттары мен полистері туралы жалпы есеп, сондай-ақ міндетті автосақтандыру құнына әсер ететін бонус-малус класы туралы ақпарат қолжетімді.

Егер алынған мәліметтер бойынша сұрақтар туындаса, пайдаланушы тікелей кредит берушіге немесе сақтандыру компаниясына жүгінуі қажет.

Жаңа сервистің барлық функциялары тегін беріледі, бұл eGov Mobile пайдаланушылары үшін



«Кредиттік және сақтандыру тарихы бойынша нұсқаулық» қолжетімді етеді.

**Сервисті пайдалану үшін пайдаланушы:**

- eGov Mobile қосымшасында авторизацияланып, «Басқа сервистер» - «МКБ. Кредиттік және сақтандыру тарихы бойынша нұсқаулық» бөліміне өту;
- жеке деректерді пайдалануға келісім беру;
- кредиттер мен сақтандыру шарттары туралы мәліметпен танысу;
- кредиттік және/немесе сақтандыру есебін жүктеуі;
- қажет болған жағдайда файлдарды смартфонға сақтауы қажет.

Жаңа сервис ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

**Жайнагүл СЕЙДАХМЕТОВА.**

ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА

# ҚЫСҚЫ МАУСЫМДА ЖАЗҒЫ ДОҢҒАЛАҚПЕН ЖҮРГЕН ЖҮРГІЗУШІГЕ ҚАНША АЙЫППҰЛ САЛЫНАДЫ?

***Елімізде ресми түрде көлік жүргізудің қысқы маусымы 1 желтоқсанда басталады. Осы орайда доңғалағын уақтылы ауыстырмаған жүргізушілерге заң бойынша қанша айыппұл салынатынын еске саламыз.***



Ішкі істер министрлігінің баспасөз қызметі ұсынған ресми мәліметтерге сай, M1 және N1 санаттағы автомобильдер жазғы кезеңде (маусым, шілде, тамыз) қысқы шиналармен жабдықталған болса, ал қыс мезгілінде (желтоқсан, қаңтар, ақпан) қысқы шиналар орнатылмаған болса, көлікті пайдалануға тыйым салынады.

«Бұл шектеулер сәйкесінше Кеден одағының «Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің 5.5 тармағымен (Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №877 бекітілген шешімі) және осы қосымшаның 5.6.3 тармағымен реттеледі.

Жоғарыдағы техникалық регламенттің 5.5 тармағы бойынша ереже бұзғаны үшін ӘҚБтК 590 бабының 5 бөлігімен әкімшілік жауапкершілік көзделген, яғни бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады» делінген ІІМ хабарламасында.

2024 жылы бұл айыппұл сомасы - 18 460 теңге.

Бұл жерде атап өтерлігі, M1 санатына жеңіл автомобильдер жатады. Олар - жолаушы тасымалдауға арналған және жүргізушінің орнынан бөлек тағы сегіз орындықпен жабдықталған көліктер.

Ал, N1 санатына жүк автомобильдері және олардың шассиі, яғни жүк тасымалдауға арналған және ең жоғары салмағы 3,5 тоннадан аспайтын көліктер жатады.

**«Ш» белгісі ерікті түрде тағылады**

Елімізде 2016 жылы шегесі бар қысқы доңғалақ орнатылған көлікке «Ш» тану белгісін тағу міндеттелген болатын. Бұл өзгеріс көп ұзамай нарықта «Ш» тану белгісін сатуға қатысты дүрбелең тудырып, қоғамның наразылығына ұшырады. Келесі жылы арнайы Үкімет қаулысы шығып, Жол қозғалысына қатысты заңға өзгерістер енгізіліп, бұл талап алынып тасталған еді.

«Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелердің 9 тармағына сәйкес (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы №1196 қаулысымен бекітілген) шиналары бар механикалық көлік құралының артында «Ш» тану белгісі жүргізушінің қалауы бойынша орнатылады. Осы тармақ бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде (бұдан әрі – ӘҚБтК) әкімшілік жауапкершілік көзделмеген», - деп хабарлайды ҚР ІІМ баспасөз қызметі.

Сондай-ақ, ведомство биыл жыл басынан бері ӘҚБтК 590 бабының 5 бөлігі бойынша 162 мыңнан астам әкімшілік хаттама толтырылғанын мәлімдеді.

Директор - бас редактор Нели ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі: «Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2- 17- 49. Басылым индексі 65360 e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда терілін беттеліді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 555

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады